

**"Жарма аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" Жарма аудандық мәслихатының 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 19/165-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2015 жылғы 14 шілдедегі № 29/253-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 тамызда № 4106 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2016 жылғы 5 мамырдағы № 3/18-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 05.05.2016 № 3/18-VI шешімімен.**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 10 бабына және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21 бабына сәйкес Жарма аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. "Жарма аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" Жарма аудандық мәслихатының 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 19/165-V шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3295 болып тіркелген, "Қалба тынысы" газетінің 2014 жылдың 12 маусымдағы № 45 санында жарияланды) келесі өзгеріс енгізілсін:

7 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Аудандық мәслихаттың кезекті сессиясы кемінде жылына төрт рет шақырылады және оны мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді".

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы  
Мәслихат хатшысы*

*К. Сқаков  
Н. Есполов*